ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 6 маусым №2301-23-00-2/717 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің "Талдыкөл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Ақ жол» Халит Тілекұлы Зарипов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Ж.К.Шерниязова
Жауапкер өкілдері Р.Ғ.Жумабаев, Ш.Н.Қуатбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 8ақпанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №7 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Энергетикалық қазандарды/қазан жабдықтарына және ұқсас энергетикалық жабдықтарға және жүйелерге техникалық қамтамасыз ету/сақтау бойынша қызмет көрсету»қызметтерді көрсетуге міндеттенген.

Шарттың сомасы - 123 200теңге, орындау мерзімі -2023 жылғы 31желтоқсанға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, қызмет көрсетілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, конкурстың құжаттамасында лоттың атауы қате

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 26.06.2023

көрсетілгенін растайтынын, алайда техникалық ерекшелікке сәйкес «ремонт воздухообрабатывающие агрегаты и подключение» деп көрсетілгенін, яғни бұл жылыту жүйесіне қатысты қызмет екенін, жауапкерде жылу беру қазандығына сай жұмысын атқара алатын құқығын растайтын сертификатының болмауына байланысты мектеп 2023 жылға жылумен келісім шартқа отыра алмай отырғандығын, себебі жылу қазандығымен келісім шарт жасақтасқан мердігердің сертификаттарын сұрағанын, олсыз шарт жасалмайтынын көрсетіп, сондықтан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, шартты бұзуды сұрады.

Сот отырысында жауапкерөкілдері Р.Ғ.Жумабаев, Ш.Н.Қуатбаевқарсы пікірлерін қолдап, лоттың атауында «9053849-1 Услуги по техническому обслуживанию пожарной/охранной сигнализацией/ систем тушения/видеонаблюдения и аналогичного оборудования»деп көрсетілгенін, алтехникалық ерекшелікте «Ремонт воздухообрабатывающие агрегаты и подключение» деп көрсетілгенін, еш жерде «Қазандарды/қазан жабдықтарына техникалық қамтамасыз ету қызмет көрсету» деп көрсетілмегенін, ал ~~«Ақ жол»~~ жеке кәсіпкерлігі бейнебақылау бойынша қызмет көрсетумен айналысатынын, қазан жабдықтарына қызмет көрсету жұмыстарымен айналыспайтынын, сол себепті аталған шарт бойынша міндеттеме орындалмағандығын көрсетіп, жылу беру қазандығына сай жұмысын атқара алатын құқығын растайтын сертификатының болмауына байланысты оны талап қоюшыға бере алмағандарын, ЖК «Ақ жол» тарапынан кінә жоқ болуына байланысты, талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміөздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, қажетті қызмет шартта көрсетілген мерзімде

орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдары пайда болғанын айтып өтті.

Сот отырысында зерттелген қорытынды туралы хаттама 9053849-ЗЦП1 де көрсетілгендейсатып алудың атауы «Услуги по техническому обслуживанию пожарной/охранной сигнализацией/ систем тушения/видеонаблюдения и аналогичного оборудования», ал лоттың атауы «Энергетикалық қазандарды/қазан жабдықтарын және ұқсас энергетикалық жабдықтар мен жүйелерді техникалық қамтамасыз ету/сақтау бойынша қызмет көрсетулер» деп жазылған.

Сонымен қатар, сотпен зерттелген техникалық ерекшелікте қызметтің атауы «Ремонт воздухообрабатывающие агрегаты и подключение» деп көрсетілген, яғни Википедияға сәйкес бұл қызмет «Ауа өңдеу құрылғысы, жеткізу ауа блогы ауаны өңдейтін және оны жабық кеңістікке жеткізу және/немесе шығару желдету құрылғысы болып табылады. Ол жылыту, желдету және ауаны баптау жүйесінің бөлігі болып табылатыны анықталған.

Жауапкермен соттың сұранысы бойынша «Ақ жол» жеке кәсіпкерлігінің қандай қызмет түрлерімен айналысатындығы туралы мәлімет ұсынылмады.

Демек, «Ақ жол» жеке кәсіпкерлігінің энергетикалық жылыту қызмет көрсету түрлерімен айналыспайтыны туралы сотқа тиісті дәлелдемелер ұсынған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АК) 72-бабының 1-бөлігіне сай, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

68-бабының 1)6-бөліктеріне сәйкес әрбір дәлелдеме оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы ескеріле отырып, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Егер іс үшін маңызы бар және екінші тарап жоққа шығармаған мән-жайларды даусыз растайтын, іске қатысты жарамды және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады.

Алайда, жауапкер өзінің уәждерін негіздейтін дәлелдемелерді сотқа ұсынбаған.

Талап қоюшымен сотқа ұсынылған 2023 жылғы 27 ақпандағы №53 шығыс хатынан, 15 наурыздағы №71 шығыс хатынан жауапкерге бірнеше рет қызметті ~~көрсету және~~ жылу беру қазандығына сай жұмысын атқара алатын құқығын растайтын сертификаттарын беру туралы ескертпе хаттарының жолданғаны көрінеді.

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 26.06.2023

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес, шарт одан әрі оны орындау орынсыз болған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін деп көрсетілген.

Бұл ретте, тараптар шарттың 8.3 тармағында көзделгендей, шарттың орындалуын орынсыз деп тауып, өзара келісімдері бойынша, оны бұзуға мүмкіндіктері болған, алайда тараптар шарттың бұл талаптарын қолданбаған.

Бұл жағдайда, сот жауапкердің әрекетсіздігін оның мемлекеттік сатып алу туралы шартын орындамауға жол бергенін анықтады.

Айтылғандардың нәтижесінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Талдыкөл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Ақ жол» Халит Тілекұлы Зариповті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ақ жол» Халит Тілекұлы Зарипов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ақ жол» Халит Тілекұлы Зариповтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірме дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 26.06.2023

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2023 жылы "23" қазаны енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 26.06.2023

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»